

Қоқыс қалдықтарынан құтылу қажет

2-бет




Ел энергиясыз қала алмайды

6-бет



Семей полигонын кімдер зерттеді?

7-бет



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 29 ТАМЫЗ, 2024 ЖЫЛ №97 (23 419)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды алда келе жатқан Қазақстан Республикасы Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Конституция – еліміздің ең басты Заңы, ең негізгі құндылығы. Сол себепті, Ата Заңымыздың әр тармағы, әр бабы алдында біз жауаптымыз және оған құрметпен қарауымыз қажет.

Ол еліміздегі бейбіт өмір мен қоғамдық келісімді қамтамасыз етіп, Тәуелсіздігіміздің тірегіне айналды. Тыныштық пен тұрақтылықты қамтамасыз етті. Ал осы алаңсыз өміріміздің басты кепілі – Ата Заңымыз Конституция!

Конституция – біздің негізгі Заңымыз, мемлекетіміздің демократиялық дамуының мығымас іргетасы! Ол азаматтарға негізгі құқықтар мен бостандықтарға кепілдік береді. Конституциялық нормалардың зор әлеуеті біздің қоғамның бүгінгі жетістіктері мен табыстарының негізі болды.

Сіздерді осы үлкен мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтай отырып, Отанымызға тыныштық, әр отбасыға амандық пен бақыт тілейміз!

Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы



Ұялы қосымшаның мүмкіндігі мол

Енбек HR мобилді қосымшасы өткен жылы жұмыскерлерге hr.enbek.kz енбек ресурстары порталының функционалдығына қол жеткізуді жеңілдету үшін іске қосылды. Бүгінде қосымшаны 56,6 мың пайдаланушы жүктеп алған. Енбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі сондай мәлімет таратып отыр.

Мобилді қосымша арқылы порталдың бірқатар қызметтері мен сервистері қолжетімді. Еңбек шартына қол қою мүмкіндігінен басқа, қызметкер жұмыс берушілердің еңбек шарттарын есепке алудың бірінші жүйесінде тіркелген өзінің еңбек шарттарын қарап, одан жұмыс орнынан анықтама алуға немесе еңбек шарты бойынша мәліметтерді растауға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, еңбек шарттарын есепке алудың бірінші жүйесінде тіркелген электрондық еңбек кітапшасын жүктеуге, әлеуетті жұмыс берушіге жеке деректермен танысуға келісім беруге болады. Бұл «Қызметкердің жеке ісі» сервисінде қолжетімді.

Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскер тікелей мобилді қосымшада арнаулы әлеуметтік төлемге құқығының бар-жоғын тексеріп, оның сомасын алдын ала есептей алады.

Өз тілішімізден

• ЕРТЕҢ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

Фәниқұстың аңызы – біздің елдің тағдыры

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан туралы қазіргі биіктен қазылық айту – тым оңай. Төбеге шығып алып, бәрін тәрк ету одан да жеңіл. Бірақ, бір ақиқат бар. Ол – қазіргі Қазақстанның үш он жылдықта талай-талай бел-белестен өткендігі. Ол үш ондықта бүгүлі де болды, түнілу де болды. Бірақ, үмітті шорт ұзу болған жоқ. Қарақоз қазақ ертеніне сенді. Жарқын болашағына үміттенді. Сол үміт пен сенім бүгінге жетектеп жеткізді.

Қазақстан – бұл күні өзінің саяси, экономикалық бағытын нық айқындаған мығым мемлекет. Отыз жыл бұрынғы ойраны шыққан елдердің ортасында ескексіз қалған қайық емес. Қазір мұхитта еркін жүзетін мұзжарғыш кеме. Дербестігін дәріптеп, құндылықтарын қастерлеуді біледі. Оны әлемге де әйгілеп, дүние жүзі мойындады. Содан да әлем осы күні қазақ жұртын бейбітсүйгіш, татулық пен бірлікке бәтуаласқан ел деп біледі. Өзге қызығып та, қызғанып та қарайтын құндылық. Ел ішінде арақидік туған толқуда сол қызылқөздердің сандарын шапқатпа, мыңғынан күлгендері де содан. Дегенмен, Еуразия құрлығының дәл орталығында тұрған, территориясы әлемде тоғызыншы орын алған Қазақстанның барлық тұрғыда даму моделі – барыстың секірісін тарих әлі толғайтыны тағы рас. Отыз үш жыл бұрынғы тоқырауды айтып, тоқтай алмай, көз жасты көлдей қылмақ емеспіз. Оның бәрі – тарих. Біреуге – шын, біреуге – өтірік. Шынығында, Қазақстанның тәуелсіз ел ретінде қалайша қаз тұрып, қалайша тәй-тәй басқаны алдыңғы аға буынның санасында сақтаулы сурет. Сол суреттерге қарасаңыз, қауіп төнгенде өзін түк қалдырмай өртеп жіберіп, содан соң қайта түлейтін фәниқұстың аңызы – біздің елдің тағдыры іспеттес.

► 3-бет



Коллажды жасаған М.Өмірбаева

• 1 ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ

Жаңа оқу жылының жаңа мазмұны

Қыркүйектен бастап аймақтағы 420 мектеп жұмысын бастайды. 172 мың оқушы білім алмақ. Оның 17 мыңға жуығы – бірінші сынып оқушылары. Бүгінгі оқушыларды «Күнгей» шағын ауданында 600 орындық және «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында салынған 2000 орындық жаңа мектеп күтеді. Биыл оқушыларды оқулықпен қамту мәселесі де толығымен шешілді. Оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуға 2,5 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Білім деңгейін жасанды интеллект бағалауы мүмкін

Биыл 1-сыныптарда оқу мерзімі 33 оқу аптасын, 2-11-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды. Жалпы оқу мерзімі 2 қыркүйекте басталып, 2025 жылдың 23 мамырында аяқталады. Шет тілдерін кезек-кезеңімен зерделеу мақсатында 3-сыныптан бастап оқыту бағдарламасына «Шет тілі» курсы енгізіледі. Сондай-ақ, 3-сыныпта «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері де оқытылмақ. Ал 4-сыныпта «Көркем еңбек» пәні қосылады.

Ауылдық тірек және шағын жинақты мектептерде жекелеген пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдері енгізілуде. Мәселен, «Цифрлық мұғалім» жобасын іске асыру шеңберінде әлеуметтік осал отбасылардан шыққан білім алушылармен жұмыс жалғасады. Сол сияқты «ДосболLike» бағдарламасын және «Менің бауырым» волонтерлік жобасын іске асыру аясында мектепте салауатты және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру жұмыстары жалғасады. Бұл бастамалар оқушыларды, ата-аналарды және педагогтерді өзара көмек пен қолдауды дамытуға бағытталған бірлескен іс-шараларға тартуды көздейді. Осыған орай оқыту мен бағалауда жасанды интеллектті қолдану жандандырылуда. Цифрлық технологияны қолдана оты-



рып, шағын жинақты ауылдық мектептердің әлеуетін дамытуға бағытталған пилоттық жобалар барысы әлі де пысықталуда...

► 4-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 536.58

• USD/KZT 480.59

• RUB/KZT 5.26

• CNY/KZT 67.44

Қазақстан Ұлттық Банкінің 28 тамыз, 2024 жылғы дерегі бойынша

Фәниқұстың аңызы – біздің елдің тағдыры



Сурет ашық дереккөзінен

(Соңы. Басы 1-бетте)

Еліміз әлем алдында өзінің біртұтас ел екендігін, оның ешбір бөлшектеуге жатпайтынын, ең бірінші – байлығы адам екенін айғақтап, демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуын белгілегенін ардақты Ата Заң арқылы жария етті. Ол уақытта Еуразия кіндігіндегі жас мемлекетке құқықтық базасын жасақтау міндет еді. Бұған дейінгісі одаққа бейімделгендіктен ескі жүйе де моральдік тұрғыда тозған. Бізге заманынан озған құжат қажет-ті. Саяси әрі экономикалық бағытты белгілеу үшін заңдық негіз керек-ті. Ол үшін жаңа Конституцияны уақыт патша талап етіп тұрды.

Ашық ресурстардағы деректерде жарияланған, сол уақытта заң шығару саласының басы-қасында жүргендердің айтуынша, Ата Заңды дайындау қаншама қажыр-қайратты қажет еткен. Бүгін ғой бәрі айтуға оңай. Шындығында, бұл елдің ертеңі таразыға түскен сәт екен.

Еліміз 1990 жылдардың басынан алдымен этнократиялық мемлекет құруға ұмтылғаны белгілі. Бұл өзгелердің басты ұлт – қазақтардың айналасына жиналу дегенді білдірді. Ол уақыттарда ұлттық құрылым құру процесі этнократиялық коннотация алған бірқатар заңнамалық құжаттар қабылданды. 1990 жылы 25 қазандағы «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» Қазақстанның тәуелсіздігі мен мемлекеттік тәуелсіздікке ауысуын сипаттайтын құжат болды. Аталған декларацияда тәуелсіз мемлекеттің, жаңа тәуелсіз қазақстандық мемлекеттің негізгі параметрлері белгіленді, мұның өзі бұл декларацияның қызметін «бағдарламалық» ретінде анықтауға мүмкіндік берді.

Демократиялық, құқықтық қазақстандық қоғам, Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени құрылымдардың қайта құрылуы туралы негізгі идеялар жинақталған декларациядан кейін елімізде жаңа Конституцияны дайындау басталды. Әйтсе де біз алдымен мынаны айта кеткенді жөн санаймыз. Бұл декларацияда қазақтар мемлекет құрушы ұлт болып саналды да, конституциялық заң қазақ ұлтының өзін-өзі анықтау құқығын заңдас-тырды.

1993 жылғы қабылданған алғашқы Конституцияда Қазақстан Республикасының мемлекеттік қасиеттері мен мемлекеттілігі ретінде анықталған еді. Алайда, бұлайша этнократиялық өлшем тұрғысынан келу орыстегілі өзге ұлттардың елден үдере көшуіне әкеліп соқты. Осыдан келіп, бұл ұлттық түсінік 1995 жылғы қабылданған Конституцияда саяси-аумақтық (территориялық) болып өзгертілді. Мұнда Республиканың субъектісі ретінде қазақстандық ұлт деген түсінік белең алды.

Деректер 1995 жылы көктемде жаңа конституцияны дайындау жұмыстары басталғанын айтады. «Құрамына қазақстандық құқықтанушылардан басқа екі француз саясаткері де кірген Сараптама-лық-консультативтік кеңес конституцияның алғашқы нұсқасын сараптау нәтижесінде оған елеулі өзгерістер жасағаны» көлденең тартады мәліметтер. Содан соң халық талқылауынан өтіп, референдум арқылы өз күшіне енді. Ал, сол «балапан басы, тұрымтай тұсында» дейтін күрделі кезеңде Қазақстан жолы заңдық тұрғыда негізделді. Осылайша, 33 мың ұжымдық талқылауға 3 млн-нан астам ел азаматы қатысты. Яғни, сол кезеңдегі ел тұрғының бестен бірі. 30 мың ұсыныс, ескертулер енгізілді. 55 бапқа 1100 тұзету мен

толықтырулар жасалыпты. Бұдан бөлек, 20-дан астам әлем елдерінің Конституциялары сараптаудан өтіп, қарастырылғаны тағы бар. Соның нәтижесінде бүгінде басты құжат – Конституция қабылданды.

Сол арқылы Қазақстан халқы өз еркімен елді бірыңғай, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітті. Оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деген ұстанымға қол қойып, қолдау білдірді.

Зангер, саясаткерлердің айтуынша, Ата Заң қабылданған 1995 жылдан мемлекет жаңа даму кезеңіне аяқ басты. Жаңа Конституция мемлекеттің табиғаты жөніндегі мәселелерді түбегейлі шешті.

Биліктің бірден-бір көзі болып Қазақстанның халқы танылды. Қолданыстағы Конституцияда алғашқы рет «Қазақстан — ежелден келе жатқан қазақ жерінде оның халқы тарапынан құрылған мемлекет» екендігі бекітілді. Осы көзқарастың арқасында ұлттық мемлекет идеясы азаматтық қоғамды құруға және мемлекеттік механизмнің тиімді жұмыс істей бастауына мүмкіндік берді.

Осыдан кейін елде демократиялық институттар жүйесі қалыптаса бастады. Оған Конституцияда құқық берілді. Қазақстан Республикасының идеологиялық және саяси әр-алуандылық танылатындығы айтылды. Бұл – демократияның алғашқы еді дейді зангерлер.

Сондықтан да, Конституция күні – қатардағы мереке ғана емес. Оны бүгінгі елдіктің бастау бұлағы деп ұғынған жөн. Әр жүрек бұл күні «Отан!» деп бұлқынып, «Еліміз!» деп елжіреп тұруы тиіс-ті. Құраннан кейінгі кәсіпті кітап – Конституция болуы керек-ті. Санасы ояу, көкірек көзі ашық азаматтар мұны айтпай-ақ түйсінеді...

• ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

Конституция және референдум

Әрбір азаматтың елімізде мемлекеттің жалпы істерді басқаруда өзіндік үлес-салмағы бар. Мемлекетіміздің демократиялық бастауы – Конституция «солай» дейді. Құқықтың не екенін ежіктеп берген Ата Заң халықты билік субъектісі екенін атап көрсеткен. Сондықтан да, халық билікті жүзеге асыруға хақылы. Дәлірек айтсақ, Конституцияның 33-бабының 1-тармағы құқық халық ретінде ұғынылатын саяси ұйымдасқан азаматтардың тобына емес, әрбір азаматқа тән екендігін бекітіп берді. «Халық басқаруға қатыспайды, биліктің субъектісі ретінде билікті жүзеге асырады» (Конституцияның 3-бабы).

Бұл тікелей, әрі өкілеттер арқылы да әртүрлі нысанда іске асуы мүмкін. Тікелей нысаны – азаматтардың референдумға қатысуы, олардың мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлану құқығын жүзеге асыруы. Ал, Ата Заң қамтамасыз еткен бұл құқықты отандастарымыз тиісті қажет кезінде қолданып отыр.

Мәселен, бұған дейін жалпыұлттық референдум елде бірнеше рет өтті. Соңғысы – Конституцияға өзгерістер енгізуге байланысты. Ол кезеңде де халық өзінің пікірін ашық білдірді. Ендігі кезекте атом электр станциясын салуға қатысты референдум тұр. Бұл да бұқараның ерік-еркіндігін көрсетеді. Оған Конституция кепілдік берген.

Күні кеше Үкімет АЭС салу бойынша референдум өткізу туралы қаулы жобасын бекітті. Президенттің назарына ұсынылды. Алдағы уақытта ел үшін аса маңызды мәселе жөнінде жалпыхалықтық референдумның өтетін күні нақты мәлім болады. Референдум ұғымы қазақстандықтарға етене таныс. Атап өткеніміздей, бұған дейін халық өзінің келісім-қарсылығын бірнеше саяси мәселелерде көрсеткен.

Ал, референдум туралы қолданыстағы заңнама азаматтардың аталған құқықтарын жүзеге асыруға кепілдіктерді кеңінен қамтамасыз етеді. Референдум жалпылай тең әрі жасырын дауыс беру барысында тікелей ерікті негізде өткізіледі.

Референдумдағы қазақстандық азаматтардың құқықтарын жүзеге асырудың қағидалары мен тәртібін анықтайтын ережелер – конституциялық нормалар екенін атау абзал. Ол нормалар мемлекеттік маңызы бар мәселелерді демократиялық әдістермен шешуді көздейді. Республикалық референдумның мақсаты – осы. Оның төркінінде халықтық билік, демократия тұр.

Халық болса, билікті республикалық референдум және таңдау еркіндігі арқылы жүзеге асырады. Сондықтан да, республика азаматтарының республикалық референдумға қатысу құқығын ешкім ала алмайды.

«Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңға сәйкес, референдумның көздейтін мәні – Конституцияны, конституциялық заңдарды, қатардағы заңдарды қабылдау, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, мемлекеттік тұрғыдағы маңызды мәселелерді шешу.

Жоғарыда аталған мәселе де мемлекеттік маңызы ие. Сол себепті де Президент ел талқысына салып, референдум өткізу туралы шешім қабылдаған болатын. Халыққа бұл арада Конституциямен берілген құқығын іске асыру мүмкіндігі ашық беріліп отыр.

Жалпы, референдум өткізілмейтін мәселелер аясы шектеулі. Атап айтқанда, олардың қатарында, адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзуға әкеп соғатын мәселелер, мемлекеттің зайырлылығын және аумағының біртұтастығын, республиканың басқару нысанын, республиканың өкілшілік-аумақтық құрылымын және шекарасын, сот төрелігін, қорғанысты, ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қорғауды, бюджеттік және салық саясатын, амнистия мен рақымшылық жасау, Президент, Парламент Палаталары мен Республика Үкіметінің құзырына жататын лауазымдарға тағайындау, лауазым тұлғаларын босату, республиканың халықаралық келісімшарттарында міндеттерін орындауды өзгерту референдумға шығарылмайды. Яғни, саралап отырсақ, бұқара үшін маңызды мәселенің бірі ел талқысына салынатынын аңғарамыз. Бұл – Ата Заң аясында берілген әр азаматтың конституциялық құқығы.

Қазіргі күні республикалық референдум тағайындау құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне берілген. Сонымен бірге, референдум өткізуді белгілеу белсенділігі Мемлекет басшысына ғана емес, Парламентке, Үкіметке де, барлық облыстар мен республикалық мәні бар қалалардың санына байланысты республикалық референдумға қатысуға құқығы бар саны екі мыңнан асатын адамға тиесілі.

Азаматтарға референдум өткізу барысында барлық сатыларына, дауыс беру, берілген дауыстарды санау кездеріне белсенді қатысуға толық мүмкіндік берілген. Ол мүмкіндік пен құқықтың бәрі осы Конституциядан бастау алады.

**Жасқанат АЙТЖАНОВ,
ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы
криминалистика кафедрасының
аға оқытушысы, полиция капитаны,
заң ғылымдарының магистрі**

Құндылықтар құндақталған құжат

30 тамыз – еліміздің өміріндегі тарихи күн. Осы жылдар ішінде біз мемлекеттілікті нығайту, экономиканың өсуі, халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін күрделі, бірақ, лайықты жолдан өттік.

Конституция біздің басты құндылықтарымыз – Тәуелсіздік, Бейбітшілік пен Тұрақтылықты бекітті. Барлық мемлекеттік институттардың, әрбір қазақстандықтың борышы – осы құндылықтарды қорғау.

Негізгі Заңда жалпы адамзаттық та, ұлттық та құндылықтар бекітілген, Қазақстан халқының бірыңғай еркі, оның зияткерлік әлеуеті және халықаралық қоғамдастықтың негізгі стандарттары көрініс тапқан.

Қазақстан халқының тарихи және саналы таңдауы күшті құқықтық, демократиялық және әлеуметтік мемлекеттің пайдасына жасалды. Конституциялық нормаларға негізделген заңнама экономика дамуы, қоғамдық келісімді қамтамасыз ету және халықты әлеуметтік қорғауды күшейту үшін қолайлы жағдай жасады.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстанның алдында мемлекеттік егемендіктің құрамдас бөлігі ретінде елдің құқықтық егемендігін қамтамасыз ету міндеті тұр. Өткен жылдар ішінде жоғары халықаралық стандарттарға, қазақстандық дәстүрлер мен мемлекеттік басқару, қоғамдық құрылыстың барлық салаларын серпінді жаңарту мүдделеріне сәйкес келетін жаңа құқық құру жөнінде ауқымды жұмыс жүргізілді. Конституцияның шоғырландырушы (біріктіруші) функциясы Негізгі Заң мәтінінде өзінің расталуы мен дамуын тапты.

Конституция қоғамның үдемелі дамуы үшін жағдай жасады. Біздің елімізді мекендейтін және Қазақстанның біртұтас

халқын білдіретін барлық этностардың өкілдері үшін тең құқықтарды қамтамасыз етті. Бүгінгі таңда еліміздің Негізгі Заңының ережелерін басшылыққа ала отырып, еркін еңбек етіп, бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге мүмкіндік алдық. Біз ұлттаралық және конфессия-аралық келісім мен бірлікке негізделген тәуелсіздік жылдарында кол жеткізілген жетістіктерді мақтан тұтамыз.

Қазақстан қоғамының басты құндылықтары тұжырымдалған Конституцияның прогрессивті және демократиялық ережелерінің арқасында әлемнің көптеген елдері үшін үлгіге айналған, Қазақстан Республикасының бейбіт және үдемелі демократиялық дамуын қамтамасыз ететін бірегей қазақстандық ұлттаралық келісім моделі құрылды.

Республикада мемлекеттік тілдің басымдығына және Қазақстан халқының тілдерін құрметтеуге, тіл белгісі бойынша кемсітуге жол бермеуге негізделген мемлекеттің салыстырып тексерілген тіл саясаты іске асырылуда.

Тұтастай алғанда, айқын тесерілген конституциялық-құқықтық саясат пен құндылыққа бағдарланған конституциялық-құқықтық практика бір-бірін өзара толықтырады. Негізгі Заңның өзіне тән функцияларын тиімді іске асыруға ықпал етеді. Оның ережелері мен нормаларын



Сурет ашық дереккөзінен

орындау және қолдану сапасын, азаматтар мен мемлекеттік қызметшілердің құқықтық санасының деңгейін арттыруға жұмыс істейді.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, тарих халқымыздың заң үстемдігіне, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге деген ұмтылысын айқын көрсетеді.

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жалпыхалықтық референдумның қорытындылары халқы-

мыздың бірлігін және елді жан-жақты жаңғыртуға бағытталған ауқымды реформаларды табанды түрде қолдайтынын көрсетті.

Біз бірге заң үстемдігі, әділдік және барлығына тең мүмкіндіктер қағидаларын басшылыққа ала отырып, жаңа Қазақстан құрып жатырмыз. Әрбір жауапты азамат реформалардың белсенді қатысушысы бола алатын, мемлекеттің дамуына өз үлесін қосатын уақыт келді. Конституцияда жарияланған демократия құндылықтары, азаматтардың құқықтары

мен бостандықтарының кепілдіктері Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму векторын нақты айқындайды.

Біздің көпұлтты елімізде Конституция – ұлтына, тіліне, әлеуметтік теңіне, сенімі мен дініне қарамастан, құқықтар теңдігінің мызғымас кепілі. Ал, Қазақстан халқы биліктің жалғыз қайнар көзі ретінде танылды.

Негізгі Заң уақыт сынынан өтіп, өзінің өміршеңдігі мен тиімділігін дәлелдеді. Республиканың ішкі саяси тұрақтылығы, оның экономикалық және саяси реформаларды жүргізудегі табысы Қазақстанға посткеңестік кеністікте ғана емес, танылған қошбасшы болуға мүмкіндік берді.

Қазақстан Тәуелсіздігін одан әрі нығайту азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, өмір сүру сапасын, мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыруға, азаматтық қоғамды дамытуға және әлемдік аренада елдің жоғары беделін дамытуға бағытталуы тиіс.

Қазақстан Республикасының конституциясы қоғам мен мемлекетті жан-жақты жаңғыртудың аса маңызды саяси-құқықтық негізі болып табылады. Конституция күні тек мемлекеттік мереке ғана емес, еліміздің әрбір патриотының мерекесі. Қазақстан Республикасының әрбір азаматы мемлекетіміздің дамуы мен өркендеуіне өз үлесін қосып тиіс.

**Василий ОЛЕЙНИК,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
КЕАҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы**



**Құрметті педагогтер,
білім беру қызметкерлері!
Құрметті оқушылар,
студенттер!**

Сіздерді Білім күнімен және оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Білім беру жүйесін дамыту – мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі.

«Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» демекші, білім – елдің әл-ауқаты қаланатын берік іргетас. Сондықтан, жас ұрпақтың терең білім алуы, өз талантының жүзеге асыруы, спортпен достасып, Отанымыздың нағыз патриоты болуы үшін барлық жағдайды жасаудамыз.

2024-2025 оқу жылында «Білім күні» 1, 11 сынып оқушыларының қатысуымен «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбында салтанатты іс-шара форматында 1 қыркүйекте өткізіледі.

Биылғы оқу жылында алғаш рет 17 мыңға жуық бірінші сынып оқушылары жаңартылған білім беру бағдарламалары бойынша білім ала бастайды. Бұл бағдарламалар оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптардан басқа, тәрбие нәтижелеріне және оқыту жағдайларына қойылатын талаптарды көздейді.

Биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жаңа мектептердің құрылысы белсенді жүзеге асырылуда. Бұл жоба апаттылық, оқушы орындарының жетіспеушілігі және үш ауысыммен оқыту сияқты қазіргі заманғы мектептердің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған. Жоба аясында Қарағанды қаласының «Кең дала», «Гүлдер», «Көгілдір тоғандар», «Жаңа аудан (Тауғұл)» шағын аудандарында, Балқаш қаласының Қ.Нұржанов атындағы шағын ауданында, Бұқар жырау және Шет аудандарында жаңа мектептер салынууда.

1 қыркүйекте Қарағанды қаласында «Жайлы мектеп» жобасы аясында салынған «Кең дала» шағын ауданында 2000 орындық жаңа мектеп және «Күнгеі» шағын ауданында облыстық бюджет есебінен салынған 600 орындық мектеп ашылды.

Бұл мектептер физика, химия, биология және робототехника кабинеттерімен жабдықталған. Білім алушыларды жан-жақты дамыту үшін мектептерде зертханалар, спорт залдары, шеберханалар мен демалыс аймақтары бар. Сыныптар қазіргі заманғы құралдармен жабдықталған, білім берудің тиімділігін арттыру үшін мектептің кез келген нүктесінен жоғары жылдамдықты интернетке қосылуға жағдай жасалған.

Құрметті ұстаздар, балаларға білім берудің жауапты және мәртебелі ісінде сіздерге шыдамдылық пен табанды ерік-жігер тілейміз. Мектеп сіздер үшін жұмыс орны ғана емес, шығармашылық пен таланттарды іске асыру мекені болсын.

Баршаңызға зор денсаулық, оқуда және еңбекте жаңа табыс тілейміз!

Ермағанбет БОЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының
әкімі,
Нүркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

Жаңа оқу жылының жаңа мазмұны

(Соңы. Басы 1-бетте)

Білім сапасы – бірінші кезекте

Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша аймақтағы білім сапасының көрсеткіші – 54,9%-ды құрады.

– Оқушыларымыздың жетістіктерін ерекше атап өткіміз келеді. Биылғы оқу жылында олар қазақстандық білім берудің жоғары халықаралық имиджін растап, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарда 26 медаль жеңіп алды. Бұл алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда 8 медальге артық. Республикалық пәндік олимпиаданың қорытындысы бойынша облыс қоржынында 36 медаль, – деп атап өтті облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Ауыл мектептерінің жоғары сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау бойынша «Самғау» жобасы екінші жыл қатарынан іске асырылуда. Биыл 10-11 сыныптардың 7 224 оқушысы оқыды.

Облыстың 70 мектебінің «Мың мектеп» республикалық жобасына енуі – мектепшілік бақылау және білім беру процесін бағалау арқылы білім беру сапасын арттыруға бағытталған.

101 шалғай елдімекенде мектеп жоқ

Бүгінде облыстағы 101 шалғай елдімекенде мектеп жоқ. Бүгінгі таңда 1 231 оқушыны 58 мектепке күнделікті тасымалдау жоспарланған. Оның ішінде, Абай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Шет аудандары және Теміртайу қаласына күнделікті тасымалдау қамтамасыз етілмек.

Ал, 176 оқушы 10 мектеп жанындағы интернатта тұрып, оқитын болады.

– Тасымалдауды ұйымдастыруға 76 көлік бар. Шағын автобустар да белгіленген. Оның ішінде, жеткізушілерді тарту есебінен 40 бірлік автокөлік және мектеп балансындағы 36 бірлік автокөлік бар, – деді Гүлбақыт Серікжанқызы.

2021 жылы білім беру ұйымдарында жүргізілген кешенді мониторинг кезінде Бұқар жырау ауданының Т.Елгезекөв мектебі «апатты» жағдайда екені анықталған. Биыл жаңа мектептің құрылыс жұмыстары толығымен аяқталып, пайдалануға беріледі. Сол сияқты жаңа оқу жылында Қарағанды қаласында Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейіндегі «үш ауысымдылық» мәселесін шешу бойынша «Жайлы мектеп» жобасымен салынып жатқан жаңа мектеп ғимараты пайдалануға беріледі.

– Жалпы қазіргі уақытта облысымызда оқушы орнының тапшылығы, апатты, үш ауысымды мектептердің мәселесін шешу бойынша республикалық бюджет есебіндегі «Жайлы мектеп» жобасымен – 9, жергілікті бюджеттен – 2 мектеп (Қарағанды қаласы – 1 («Күнгеі» шағын ауданы, Қарқаралы ауданы – 1 (Талды ауылы «апатты мектеп» орнына)) құрылысы жүреле.

Сонымен қатар облыс бойынша үш мектепте спорт зал жоқ-тын. Оның біреуі 2022 жылы спорт залы құлап, жарамсыз деп танылған Қарағандының мектебі. Биыл спорт зал салуға қаражат бөлініп, ғимарат құрылысының жұмыстары басталды. Қалған екеуі шағын жинақталған мектеп болғандықтан, оқу кабинеттерін спорт зал ретінде бейімдеп жабдықтады, – деді облыстық білім сапасын қамтамасыз ету департаментінің басшысы Шынар Ақпарова.

Ауыл мектептерін дамыту мақсатында мектеп тәжірибесін жетілдіру, материалдық-техникалық базасын нығайту және мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін арттыру арқылы «Ауыл мек-



тебі) жобасы жүзеге асырылуда.

– Сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында 128 магниттік мектепті біріктіретін 32 негізгі мектеп құрылды. Олардың негізінде жақын маңдағы шағын жинақы мектеп білім беру ресурстары қысқа мерзімді сессиялық сабақтар мен оқушыларды аралық және қорытынды аттестаттау үшін біріктірілген, – дейді Гүлбақыт Жүнісова.

Ауыл мектептеріне әдістемелік және практикалық көмек көрсету бағытындағы жұмыстарды сапалы ұйымдастыру көзделген. Ауыл мектептерінің кәсіби біліктілігін арттыруда облыстағы ауыл мектептері облыстық мамандандырылған мектеп-интернаттарына бекітілген.

Жаңа жобалар жалғасын таппақ

Биыл облыста жасанды интеллектті қолдану арқылы математиканы жеке оқытудың сандық платформасы – Digital matematika жобасы жалғасуда.

Жоба аясында оқушылар тақырыптарды өз бетінше оқып, практикалық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік алады. Жүйеде математика, алгебра және геометрия бойынша материалдар, интерактивті сабақтар, практикалық есептер, мұғалімдер мен оқушыларға арналған ішкі оқу аналитикасы бар. Бұл жоба өткен оқу жылында облыстың 180 мектебінде пилоттық режимде сынақтан өтті.

Ал, «BilimTest» жобасы заманауи оқушылар мен студенттердің қажеттіліктерін ескере отырып жасалған. Бұл – ҰБТ секілді тестілеулерге дайындалуға арналған мобильді қосымша. Қолданба

пайдалы оқу материалдарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Тестілеуден өту нәтижесінде оқушылар жеке ұсыныстары бар талдау қартасын алады.

– Жоба осы жылдың сәуір айында іске қосылды. Қолданба ақылы және ата-аналар балаларына нәтижелерді жақсарту үшін сапалы дайындық пен жекелеген ұсыныстарды қамтамасыз ету үшін өз қалауы бойынша жазыла алады. Жаңа оқу жылында біз ELSkills жаңа жобасын бастауды жоспарлап отырмыз. Бұл – мұғалімдердің басқалардың эмоцияларын тануға және өз эмоцияларын басқаруға үйрету платформасы. Бұл жоба ұйым директорына сауатты және құзыретті басшылықты қамтамасыз етуге, қызметкерлерге тиімдірек әсер етуге мүмкіндік береді. Педагогтер әртүрлі санаттағы азаматтармен тиімді қарым-қатынас орната алады, – дейді басқарманың бас маманы Гүлдана Нұрсұлтан.

Жаңа оқу жылынан бастап, ауыл мектептерінің түлектері мен әлеуметтік осал отбасылардан шыққан түлектер үшін ҰБТ-ға онлайн-дайындық ұйымдастырылмақ. Сондай-ақ, әлеуметтік осал санаттағы балаларға мектеп құралдарын алуға көмек беріледі. Жалпыға бірдей білім беру қорынан 12 мың оқушы мектеп формасымен және кенсе тауарларымен қамтылмақ.

Облыстағы барлық мектептерде бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылады. 77 мыңнан астам бала, оның ішінде, 6 мыңға жуық әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларға жалпыға бірдей білім беру қорынан төленеді.

«Мектепке жол»

Қыркүйекте «Мектепке жол» республикалық акциясы биылғы жұмысын аяқтайды. Қазіргі таңда бекітілген өңірлік іс-шаралар жоспарына сәйкес, облыс мектептерінде «Балаларға жақсылық жаса!», «Ауыл балаларына – мектепке сыйлықтар», «Отбасы отбасына көмектеседі: баланы мектепке жинаймыз!» қайырымдылық акциялары өтуде.

– Акция барысында балаларға көмек көрсету бойынша түрлі іс-шаралар өтуде. «Жұмыспен қамту», «Түнгі қаладағы балалар», «Қамқор» рейдтерін өткізу, мектеп тауарларын төмендетілген бағамен сату үшін кәсіпкерлермен бірлесе отырып мектеп жәрмеңкелері ұйымдастырылады.

Жаңа оқу жылы қарсаңында жалпыға бірдей білім беру қорының қаражаты есебінен әртүрлі санаттағы балаларға материалдық көмек көрсету бойынша жұмыс жалғасуда. Бұл көмек атаулы әлеуметтік көмек алатын балаларға, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балаларға, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көрсетіледі. Сонымен қатар, қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасының балаларына көрсетіледі. Оларға көмек мектептің қамқоршылық кеңесінің шешімімен бөлінеді. Қаражат мектеп формасын, аяқ киім және кеңсе тауарларын өз бетінше сатып алу үшін ата-аналардың қаржылық шотына аударылады. Биыл ақшалай көмек мөлшері 43 407 теңгені құрайды, – дейді Гүлдана Нұрсұлтан.


Колледже қатысты талап өзгерген жоқ

Биыл колледже құжаттар қабылдау «Электрондық үкімет» порталы арқылы және тікелей колледжде 26 тамызға дейін жүргізілді. Әрбір талапкер 4 мамандық пен 4 колледже дейін таңдады. Бұл таңдауды үш рет өзгертуге мүмкіндік берілді.

Байқауға қатысуға 7 мыңнан астам өтінім қабылданған.

Биыл техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарына 9244 грант бөлінген. Бұл орайда орта буын мамандарын және бакалавр даярлауға – 4 499 орын, жұмысшыларды оқытуға – 3601 орын, медициналық мамандықтар бойынша мамандарды даярлауға – 1144 орын бөлінген.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМА

Виртуалды балабақша іске қосыла ма?

Қарағанды облысында еліміздегі алғашқы «Sabidamu виртуалды балабақшасы» онлайн-платформасы іске қосылуы мүмкін. Бұл ата-аналарға балаларын пайдалы іспен айналысуға ғана емес, сонымен қатар, ерте дамуға көмектесетін сапалы әдістемелік материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.



Виртуалды балабақша келесі жылдың қаңтарынан бастап жұмыс істейді.

Қарағанды облысында 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту сапасы артауда. Өткен жылмен салыстырғанда ол 82,6%-дан 84%-ға дейін

өсті. Биыл 1107 орын ашылды.

Айта кеткен жөн, өңірдің 404 мектепке дейінгі ұйымдарына 35 мыңнан астам бала барады. INDIGO.kz ақпараттық жүйесі арқылы бүгінгі таңда балабақшаларға 5 мыңнан астам бала қабылданды.

Жыл соңына дейін облыс бойынша Қарағанды, Шахтинск, Қарқаралы және Шет аудандарында 505 орындық тоғыз мектепке дейінгі ұйым ашу жоспарлануда.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Платформа балабақшаға бармайтын балаларға арналған. Жүйе балалардың белгілі бір жасына сәйкес әртүрлі контент әзірлейді. Балабақшаларда жинақталған тәжірибені онлайн форматқа аударамыз. Сондай-ақ, біз логопедтер, психологтардың жұмысын автоматтандырып келеді. Ата-аналар сұрақтар қоя алады, – деді SabiDamu платформасын әзірлеумен айналысатын «Өрлеу» компаниясының басшысы Фаридә Ақшолоқова.

• ҰСЫНЫС

«Алтын қоңырау» артық етпес



«Мектеп – кеме, білім – теңіз, Жалықпаймыз біз жетеміз» дегендей, жаңа оқу жылына дайындықпен қатар Білім күнін қарсы алу жұмыстары қауырт жүріп жатыр. Қыркүйек келіп, күз түскенде оқушылар асқақ арманмен, үкілі үмітпен білім алу мақсатында алтын ұяға беттейді. Бұл күнде ата-аналар жаңа оқу жылына жаппай қам жасап, балаларының керек-жарақтарын түгендеу үстінде.

Жаңа оқу жылы жақындаған сайын ата-аналардың да, ұстаздардың да жауапкершілігі күшейе түсетіні анық. Бұл күнде облыста білім беру жүйесін дамытуға көп көңіл бөлініп отырғаны жиі айтылып келеді. Білім бәсекесіндегі жетістік бүгінгі бүлдіршіндерден бастау алады. Балғындар дер кезінде лайықты білім алып, бағытын айқындап алса, бағындырар биік те алыс емес. Осы орайда жаңа оқу жылында соғылатын алғашқы қоңырау атауын жаңашаландыру туралы ойымды білдіре кетсем...

Оқу жылы басталар кездегі қоңырау «Алтын қоңырау», ал, аяқталғанда соғылатын қоңырау «Күміс қоңырау» деп аталса деген ұсынсым бар. Бұл – білім нәрімен сусындаған оқушыларымызды алтынмен аптап, күміспен күштеп шығарып салу деген мағына береді.

Тұғыры биік, тәуелсіз Қазақстанның мектеп табалдырығын аттайын деп отырған ұрпақтары жаңа оқу жылын «Алтын қоңырау» шақырыумен бастаса деген тілегім бар.

Күлхайыр ТУСКЕЕВА, ардагер ұстаз

• БАЛАУСА ҚАЛАМ

«Ұстаз болу – жүректің батырлығы»

Неге екенін білмеймін, бірақ, мұғалім сөзі еске түссе, ғажайып бір күш бойымды билеп алады. Қандай қарапайым болып көрінгенімен, күлдіретін сөздің астары қандай терең екенін жақсы білемін. Мағжан бабамыз «Алты Алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» деген. Сондықтан, асыл жанды мұғалімнің орны әрқашан ерекше.



Қараңғылықта ай жарығы секілді бойымыз бен ойымызды жарықтандыра білген ұстаздың еңбегі зор. Жаңа оқу жылында мұғалім сыйлаған тәлім мен тәрбие – өмірдің негізі болып қала бермек.

Асыл жолда әл-Фараби, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты ұстаздарымыз ұрпақтың келешегі үшін барын-жанын салған. Ірі тұлғалар мен зиялылардың көбі өмірлік жолын ұстаз болудан бастаған. Ақ пен қарасы ілесіп жүрген уақытта, дұрыс жолдан адаспай жүруге тек мұғалім ғана себепші деген тоқтамға келдім. Өзім де Алаш аманатын жалғастырып, ұстаздық жолды таңдап отырмын. Ұстаз мамандығы менің жаныма жақын.

Шексіз ғаламда 8 миллиардқа жуық адам ғұмыр кешсе, бәріне де мұғалім ауадай қажет. Қазіргі дамыған жаһандық дәуірде еліміздің болашағы тек білікті жастардың қолында. Ал жастардың білімге құштар болуы, әрине, ең әуелде ұстаздан. Өрбір бастаманың басы әрі негізі – ұстаздан. Сонда «Ғалым да, кенші де бас нетін, ұстазым бар сенің қасиетін» деген өлең жолдары әп-сәтте еске түседі.



Ұстаз боламын деп өзіне мақсат қойған адам ұстаздықтың түрлі құндылықтарды талап ететінін білуі шарт. Ыбырай бабамыз «Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деп сонау XIX ғасырда айтып кеткен-ді.

Өмір бойына азық болатын тәрбие беріп, шебер маман қылатын ұстаз екенін ешқашан ұмытпайықшы. Қалай болғанда да «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» деген сөздер бекер айтылмаған. Өмірде қарапайым жұмысшы, я болмаса биік шенді тұлға болсақ та, білім атты алып теңізге балықтай егті болуға үйрете білген ұстазға қарыздармыз. Ұстаз – ұлы тұлға. Біз оның алдында әрдайым шәкірт болып қала береміз.

Әділет АЙДАНБЕК,
М.Жұмабаев атындағы гимназияның
II «А» сынып оқушысы
Суреттер автордан

• БӘРЕКЕЛДІ!

«JelToqSun» үздік атанды

Қарағандының «Muraгер» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының «JelToqSun» командасы Алматыда Алматы Tech Cup X алаңында өткен First Global Challenge (FGC) халықаралық робототехника чемпионатына қатысып, жүлделі III орынға ие болды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталмыш чемпионатқа Қазақстаннан және Өзбекстан мен Біріккен Араб Әмірліктерінен келген 36 команда қатысты.

«JelToqSun» командасының маңызды іс-шарада жеңіске жетуі Қарағандының жас инженерлерінің жоғары дайындық деңгейі мен шеберлігін көрсетеді. Олар еңбектері мен ісіне деген адалдықтарын дәлелдеді. Халықаралық танымалдылықпен қатар, 600 мың теңге көлеміндегі ақшалай сыйлықпен де марапатталды.

Сонымен қатар, команда Al-Khwarizmi Award for Engineering Design аталымы бойынша екінші орынға көтерілді. Бұл олардың инженерлік дизайндағы ерекше дағдыларын айқындайды, – деп атап өтті облыстың білім басқармасының бас маманы Гүлдана Нұрсұлтан.

FGC – бұл бүкіл әлемнің жас инженерлері мен бағдарламашыларын жинайтын жыл сайынғы халықаралық робототехника байқауы. Осы чемпионат аясында қатысушылар күрделі тапсырмаларды орындау үшін роботтарды құрастырып, бағдарламалап,



әлемнің үздік командаларымен жарысады. FGC сияқты халықаралық жарыстарға қатысу жастардың тех-

никалық шығармашылығын дамытуда маңызды.

Сурет ұйымдастырушылардан

Мектепке қолдау көрсетті

Биыл «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу» қайырымдылық жобасын жүзеге асыруда облыс мектептеріне қолдау көрсетті.



Жоба аясында облыстың 86 мектебіне физика, химия және биология сабақтарын өткізуге арналған жаңа модификациялы 253 кабинет сатып алу жоспарлануда.

19 тамызда Қарағандыда аталған жобаға қатысушы физика, химия және биология мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстары басталды. Қарағанды, Шахтинск, Теміртау, Саран, Абай және Қарқаралы аудандарынан 258 мұғалім оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында кешенді әдістемелік қолдау алды.

Курстар педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, оқу үдерісінде интерактивті жабдықтарды, цифрлық зертханаларды және оқу-әдістемелік кешендерді тиімді пайдалану үшін әдістемелік қолдау мен ресурстар-



ды қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерді құндылықтарға негізделген білім беру әдістеріне оқыту және ата-аналарды мектеп өміріне тарту жоспарлануда.

Курстан кейін тыңдаушылар оқу жүйесін жақсарту үшін STEM тәсілі сияқты инновациялық әдістерді қолданады. Бейімделген сабақтарды жасап, виртуалды зертханалар мен интеллектуалды ойындарды пайдалана алады.

Өз тілшімізден

• ҚҰҚЫҚ

Бала құқығы тапталмасын

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес еліміздің барлық 20 өңірінде балаларға психологиялық қолдау көрсету орталығы жұмыс істей бастады. Балалар, ата-аналар мен педагогтерге психологиялық және әдістемелік көмек көрсетуді күшейту мақсатында жергілікті деңгейде психологиялық қызметтің бірыңғай жүйесін құру көзделді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова атап өткендей, бұған дейін орталықтардың қызметін бір жүйеге келтіру үшін бірыңғай үлгі бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірленген бо-

латын. Онда тапсырмалар, жұмыстың негізгі бағыттары, штаттық кесте және мамандардың лауазымдық нұсқаулықтары егжей-тегжейлі көрсетілген. Әсіресе, орталықтың материалдық-техникалық жабдықталуына ерекше назар аударылды.

– Орталықтар – педагог-психологтар үшін қолдау ғана емес, со-

нымен қатар, ата-аналар мен балалар дер кезінде және білікті көмек ала алатын орта. Балалар психологиялық көмекке жүгініп қана қоймай, медициналық, құқықтық және әлеуметтік көмек ала алады. Бұл біздің балаларымыздың және жалпы қоғамның болашағы үшін маңызды, – дейді Насымжан Оспанова.

Айта кетейік, орталықтардың ашылуы 2023-2025 жылдарға арналған балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспарда

карастырылған. Сондай-ақ, Қазақстан дүние жүзіндегі балалардың өмірін өзгертуде шешуші рөл атқаратын әлем тарихында ең көп ел қабылдаған Бала құқықтары туралы конвенцияға (БҚК) қол қойған. Осы орайда соңғы үш онжылдықта елімізде бес жасқа дейінгі балалар арасындағы өлім-жітім бес есе, ал жаңа туған нәрестелер арасындағы өлім-жітім үш жарым есе төмендеді. Қазақстанның әрбір өңіріне бала құқықтары жөніндегі уәкілдер тағайындалғалы баланың құқығы мен мүддесінің бұзылуы да азайды.



● ӨЗЕКТІ

Ел энергиясыз қала алмайды

Атмосфераға көмірқышқыл газының шығарындыларын азайтатын күн станциялары, жел генераторлары, гидроэнергетика сияқты жасыл энергетика түрлері танымал бола бастағанда атом энергиясы ұмытыла бастағаны рас. Бірақ, дәл осы саланы зерттеп жүрген ғалымдардың тұжырымдамаларына сүйенсек, атом энергиясы да атмосфераға зиянды шығарындыларды төмендететінін көруге болады. Бірақ, ел арасында «атомофобияның» бар екенімен қатар, еліміздегі әбден тозығы жеткен жылу электр станцияларының жағдайы да «шықпа, жаным, шықпамен» ілдебайлап күн кешіп тұрғанын да жоққа шығара алмаймыз. Бұл ретте қайтпек керек? Әлбетте, әлем бойынша жыл сайын атмосфераға бөлінетін 34 миллиард тонна көмірқышқыл газы туралы ойланғанда жасыл энергетикаға түбегейлі көшу туралы ой келетіні да жасырын емес. Бірақ, баламалы энергетика көп қаражат құюды қажет ететінін, бұл өз кезегінде тарифтің өсуіне әкелетінін, кезінде «жасыл» технологияны дамытуға қолдаған елдердің одан бас тартқанын ескерсек, Қазақстан үшін атом энергиясы өте оңтайлы екенін байқауға болады.

Салтанат ЛНИЯШ, «Ortalıq Qazaqstan»



Коллаж жасаған М.Әлімовна

АЭС-тан неге қорқамыз?

Атом өнеркәсібінде ең бірінші қауіпсіздікке ерекше назар аударылады. Бірақ, соған қарамастан, атом электр станцияларының пайда болу перспективасы көпшіліктің бойында қорқыныш тудырып келеді. Мәселен, Токио тұрғындары ядролық қаруға қарсы митинг ұйымдастырып, атом энергетикасын пайдалануға қарсы болды. Бірақ, бейбіт атом қаншалықты қауіпті? Алғашқы атом электр станциясы 1954 жылы Калуга облысының Обнинск қаласында салынғанын көрсетеді тарихи деректер. Ал, қазір әлемде 194 атом станциясы бар. Бұл ретте дәл осы 194 атом электр станциясына шаққанда екі апаттық жағдай орын алғанын көреміз. Олар – Чернобыль мен Фукусима.

Қарапайым тілмен айтар болсақ, кез келген атом электр станциясының жұмысы – атом ядросының бөлінуі кезінде пайда болатын күшті реакцияға негізделген. Ядролық отын, яғни, көп жағдайда уран қазандыққа ұсақ кара таблеткалар түрінде беріледі. Атом реакторында болатын реакциялар кезінде бөлінетін энергия жылуга айналады. Яғни, аталған станцияда отын аз кетеді, жылу және гидроэлектр станцияларымен салыстырғанда экологиялық таза. Тағы бір артықшылығы – кез келген жерде салуға болатынында әрі қосымша энергия көздеріне тәуелді емес. Одан бөлек, күндердің-күнінде түбі көрінетін көмір, мұнай сияқты табиғи ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді. Ал, атом электр станциясында отын ретінде қолданылатын уран қоры елімізде жеткілікті.

Әлемдік ғалымдар да мұны жоққа шығармайды. Мәселен, қазіргі кезде еліміз ғана емес, әлем бойынша өзекті мәселеге айналып отырған атом электр станциясын салу – табиғи ресурстардың сарқылуын бәсеңдетуде оңтайлы шешім болмақ.

Мәселен, әлемде дәл осылай ядро электр энергиясын пайдалану бойынша АҚШ – 836,63 млрд кВт, Франция – 439,73 млрд кВт, Жапония – 263,83 млрд кВт, Ресей – 160,04 млрд кВт, Корея – 142,94 млрд кВт, Германия – 140,53 млрд кВт, өндіріп отырғанын көрсетеді интернет деректері.

Әлбетте, технология да, ғылым да бір орында тұрмайтынын ескерсек, Балқаш көлінің жағасына атом электр станциясын салудың еш қорқынышы жоқ деп сенуге болады. Оның үстіне, дәл бүгінгідей электр энергиясы өткір мәселеге айналып тұрғанда, арзан көздің мемлекетке де, қарапайым халыққа да зияны емес, пайдасы тиетіні анық.

АЭС салу – қауіпсіз

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының тапсырысы бойынша 2024 жылғы 7-18 тамыз аралығында телефон арқылы сауалнама нәтижелері оған қатысқандардың көпшілігі, яғни, 53,1 пайызы АЭС салу идеясын қолдайтынын көрсеткен. Олар станцияға үлкен үміт артып қана қоймай, 2030 жылға қарай электр тапшылығы мәселесі шешіледі деп сенген. Ал, АЭС салу идеясының қарсыластары, яғни, 32,5 пайызы

ықтимал апаттар мен олардың қоршаған ортаға тигізетін зардаптарына алаңдаушылық танытқан. Қатысушылардың 14,4% пайызы өз таңдауын жасамаған.

Біраз уақыттан бері елімізде Қазақстанда атом электр станциясын салу мәселесі қызу талқыланып жатыр. Көпшіліктің пікірі екіге жарылды. Бірі – еліміздегі энергетика саласын дамыту үшін «өте қажет» десе, атомнан төнетін қауіп зор екенін алға тартып жүргендер де бар.

«Қазақстандық атом стансалары» ЖШС жетекші инженері Асуан Сиябеков «Мінберге» берген сұхбатында атом электр станциясын салудың үш себебін айтқан болатын.

– Елімізде АЭС салудың бірінші себебі, ол – энергетикалық қауіпсіздік. Себебі, елімізде электр генерациялайтын жабдықтар 70 пайызға дейін тозған. Осыған байланысты тұтынушы ең жоғары шегінде, энергия жетіспей қалуына байланысты оны көршілес елдерден алуға тура келеді. Сондықтан, энергияның негізгі генерация көзі ретінде атом электр станциясын қарастыруға жөн. Ал, екіншіден, біз кейіннен көміртеккі іздер қалдырмайтын жасыл энергия тұтынатын елдер қатарына қосылу үшін қалай да қазір энергия өндіретін жабдықтар қажет. Оған біз АЭС-сыз қол жеткізе алмаймыз. Ал, үшіншіден, энергия көздерін әртараптандыру еліміз үшін маңызды, – дейді Асуан Сиябеков.

Жетекші инженердің айтуынша, АЭС-тан шығатын радиоактивті қалдық өте аз. Оны тұрмыстық қалдық секілді көм салу, суға ағызып жіберу деген дүниелер мүмкін емес нәрсе. Радиоактивті қалдықтарды ешқайда тығын та қоя алмаймыз. Тығып қойғанның өзінде де, Атом энергетикасы бойынша халықаралық агенттіктің спутниктік қондырғылары өте сезімтал. Оны жерге көмгеннің өзінде білініп қалады. Құрылыс кезінде және де пайдалану кезінде технологиялардың барлығын сақтай отырып салынса, қоршаған ортаға ешқандай зияны болмайды.

Станцияны кім салатынын шешілген жоқ

Қазақстанда АЭС-ті қай мемлекет салатынын әлі белгісіз. Тізімде Франция, Оңтүстік Корея, Қытай және Ресей бар. «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС Бас директоры Тимур Жантқин Қазақстанда атом электр станцияларын салу үшін қандай компаниялар технологияларды жеткізе алатынын айтқан болатын.

– Ұсынылған технологияларды алдын ала бағалау үшін біз Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) әлемдік тәжірибесі мен ұсыныстары негізінде өз бағалау жүйесін әзірледік. Кейіннен бұл жүйені әйгілі француздық assytem инженерингтік компаниясы мақұлдады, – деді ол Үкімет отырысында.

Әлбетте, шешім халықтың қолында. Бүкілхалықтық референдумнан кейін белгілі болады. Дегенмен, 60 жыл қатарынан үздіксіз қызмет көрсете алатын атом энергетикасын дамыту еліміздегі экономикалық, технологиялық және әлеуметтік жағдайға оң серпін беретінін айтып отыр зерттеушілер.

● ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

«Алтын дәрігердің» асыл мұрасы

Медицинаның қай саласы болсын, оңайы жоқ. Десе де, нейрохирургия күрделі, жоғары технологиялық оталарымен белгілі. Мықты нейрохирург емделмейді деп үмітін үзген науқасты да аяққа тұрғыза алады.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalıq Qazaqstan»

Оның есімі өзі туып-өскен Арқа жұртына ғана емес, республика жұртшылығына белгілі. Қазақстанның нейрохирургиясын дамытуға елеулі үлес қосқан, елімізде танымал, жоғарғы санатты нейрохирург дәрігер, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісінің үздігі, «Алтын дәрігер» иегері, медицина ғылымының докторы, профессор Нұртас Исатайұлы Тұрсынов – дара тұлға. Бүгінде бақиға аттанғанына қырық күнге жуықтап қалды. Мындаған адамды ажал аузынан арашалаған майталманды ажал әкетті деуге ауыз бармайды екен.

1976 жылы Қарағанды медицина институтын бітірген Нұртас Исатайұлының жас маманнан нейрохирургияның бас маманына дейін жүріп өткен өмір жолы сан салалы. Жас маман 1976 жылы жаңа құрылып жатқан Жезқазған облысына жіберіледі. Ондағы №1 қалалық ауруханада хирург ретінде еңбек жолын бастады. Жалпы хирургиядан нейрохирургия саласына келуіне облыстың сол кездегі бас хирургы Өмірбек Мұқанов ықпал етті. Ол кездерде нейрохирург мамандығы жаңадан ашылған облыс тұрмақ, республика бойынша некен-саяқ болатын. Алматыда отандық нейрохирургияның негізін салушы Евгений Азаровадан бес ай, одан кейін Қарағанды медицинасының тарихында есімі ерекше аталатын Мендігерей Молдаевтан екі жыл дәріс алып, біліктілігін көтерді. Содан бергі өмірін нейрохирургияға арнады. 45 жыл бойы ота жасап, өлімнен арашалап, науқастарға пана бола білді. Соңғы 20 жылында практиканы ғылыммен ұштастырды, әрі дәрігер, әрі ғалым, әрі ұстаз еді. Мол тәжірибесі өміріне өзек, тіршілігіне азық болды. Жезқазғанда еңбек еткен жылдары облыстық көп салалы ауруханада нейрохирургия бөлімшесінің ашылуына көп күш салып, өңірде нейрохирургия саласының негізін қалады. Өзі ашқан бөлімшесінде 13 жыл бойы басшылық етті. 2001 жылдан Қарағанды облыстық медициналық орталығындағы нейрохирургия бөлімшесіне басшылық етті. 2003 жылдан 2007 жылға дейін Қарағанды мемлекеттік медициналық академиясында нейрохирургия және неврология орталығының меңгерушісі қызметін атқарды. Осы аралықта Нұртас Исатайұлы Алматыдағы С.Асфендияров атындағы медициналық институтта кандидаттық жұмысын қорғап, Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының неврология, нейрохирургия және шығыс медицинасы кафедрасы мен травматология, ортопедия және нейрохирургия курсының доценті атанды. Астанадағы республикалық нейрохирургия ғылыми орталығын ашуға қосқан үлесі Нұртас Тұрсыновтың нейрохирургия саласындағы жетістігінің шыңы десек болар. Кандидаттық, докторлық жұмыстарының жетекшісі, Қазақстанның Еңбек Ері, академик Серік Ақшолоқовпен бірлесіп еңбек етті. Нұртас Исатайұлы орталық ашылған жылдары директордың ғылыми клиникалық жұмыс жөніндегі бірінші орынбасары қызметіне шақырылды, кейіннен орталықтың бас дәрігері болып еңбек етті. Алайда, отбасына қарайлаған ол Қарағандыда, отбасының жанында болуға шешім қабылдады. Сөйтіп, 2009-2012 жылдар аралығында Қарағанды қаласындағы облыстық медициналық орталықта директордың нейрохирургия жөніндегі орынбасары болып еңбек жолын жалғастырды. Одан бөлек, осы уақыттан бастап 2017 жылға дейін Қарағанды мемлекеттік медицина университетінде неврология



және нейрохирургия кафедрасының меңгерушісі қызметін қатар алып жүрді. 2013 жылы диссертациялық жұмысын қорғап, медицина ғылымдарының докторы атанды. Университеттің неврология, психиатрия және реабилитология кафедрасының қауымдастырылған профессоры ретінде облыс орталығындағы барлық медициналық мекемелерінде, сондай-ақ, Теміртау мен Балқаш қалаларының орталық ауруханаларында бас консультант болды. Ұзақ жылдар бойы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің аккредитацияланған сарапшысы, республикалық нейрохирургтар қауымдастығының Қарағанды облысындағы филиалы төрағасы, Жезқазған, Қарағанды облыстарында бас нейрохирург болды. Майталмен маман профессор Х.Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханада өмірінің ақырына дейін еңбек етті. Ол үшін науқастардың ауру азабын тартпай, дертінен құлан-таза айығып шығуы бірінші кезекте тұратын. Алдына келген әр адамның жағдайына ерекше назар аударды. Қажетті процедуралардан өтіп, ем алуына, отадан кейін тезірек калпына келуі үшін барын салатын. Әр науқасқа солай қарады. Осы уақыт ішінде алдынан бірнеше мың адам өткен болар. Соның бәріне кәсіби көмек, адами қарым-қатынас көрсете білді. Бұл қандай қажыр-қайратты, білімділікті, адамгершілікті талап етеді десеңізші?! «Дәрігердің кеудесінде дәрігердің білімі ғана емес, дәрігерлік жүрек болу керек» дегенді шәкірттеріне жиі айтатын. Нұртас Исатайұлы тау қопарар күшті өз мамандығына берілгендіктен, мамандығына деген сүйіспеншіліктен, өзіне деген сенімділіктен тапты. Данышпан Әбу-Насыр әл-Фарабидің: «Адам кез келген жұмысқа жарамды бола бермейді, жұмысты неғұрлым жетік және жақсы атқарса, білігі және шебер болып шығады. Қандай әрекет, қандай іс істесек те, содан рахат табу, соның рахатын көру біздің мақсатымыз болып табылады» деген сөзін өмірлік ұстанымы етті. Әр кітапшасында, әр жазбаларында осы даналық сөз жазулы тұрады екен.

Нұртас Исатайұлының жеткен асқақ абыройы, құрметі, марапаттары – адал еңбегінің өтеуі. Ертеректе бір әріптесім мақаласында Нұртас Исатайұлын нейрохирургияның наркескені деп дөп тауып атаған екен. Өте қажырлы, табанды болмасы әркез жаңа ой мен идеяның бұлағындай дерісі. Жанашылдыққа жаны құмар болатын. Жезқазған облысында алғаш рет нейрохирургия қызметін қалыптастырса, 2014 жылы Нұртас Исатайұлының тікелей бастамасымен Қарағанды мемлекеттік медицина университетінде алғаш рет нейрохирургтар даярлайтын резидентура ашылды. Мұнда 7 жыл медицина институтында оқып, әрі қарай нейрохирург боламын деген жастар тағы да төрт жыл дәріс алды, әрине практикасы басым. Нүрекең даярлаған шәкірттері жарайды. Олар Қазақстанның түпкір-түпкірінде абыройлы еңбек етіп жүр. Алды

және нейрохирургия кафедрасының меңгерушісі қызметін қатар алып жүрді. 2013 жылы диссертациялық жұмысын қорғап, медицина ғылымдарының докторы атанды. Университеттің неврология, психиатрия және реабилитология кафедрасының қауымдастырылған профессоры ретінде облыс орталығындағы барлық медициналық мекемелерінде, сондай-ақ, Теміртау мен Балқаш қалаларының орталық ауруханаларында бас консультант болды. Ұзақ жылдар бойы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің аккредитацияланған сарапшысы, республикалық нейрохирургтар қауымдастығының Қарағанды облысындағы филиалы төрағасы, Жезқазған, Қарағанды облыстарында бас нейрохирург болды. Майталмен маман профессор Х.Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханада өмірінің ақырына дейін еңбек етті. Ол үшін науқастардың ауру азабын тартпай, дертінен құлан-таза айығып шығуы бірінші кезекте тұратын. Алдына келген әр адамның жағдайына ерекше назар аударды. Қажетті процедуралардан өтіп, ем алуына, отадан кейін тезірек калпына келуі үшін барын салатын. Әр науқасқа солай қарады. Осы уақыт ішінде алдынан бірнеше мың адам өткен болар. Соның бәріне кәсіби көмек, адами қарым-қатынас көрсете білді. Бұл қандай қажыр-қайратты, білімділікті, адамгершілікті талап етеді десеңізші?! «Дәрігердің кеудесінде дәрігердің білімі ғана емес, дәрігерлік жүрек болу керек» дегенді шәкірттеріне жиі айтатын. Нұртас Исатайұлы тау қопарар күшті өз мамандығына берілгендіктен, мамандығына деген сүйіспеншіліктен, өзіне деген сенімділіктен тапты. Данышпан Әбу-Насыр әл-Фарабидің: «Адам кез келген жұмысқа жарамды бола бермейді, жұмысты неғұрлым жетік және жақсы атқарса, білігі және шебер болып шығады. Қандай әрекет, қандай іс істесек те, содан рахат табу, соның рахатын көру біздің мақсатымыз болып табылады» деген сөзін өмірлік ұстанымы етті. Әр кітапшасында, әр жазбаларында осы даналық сөз жазулы тұрады екен.

Нұртас Тұрсынов білікті басшы, тәжірибелі ұйымдастырушы, өз ісіне жаптанмен берілген маман ретінде мәңгі есте қалады. Оның 200-ден астам ғылыми жұмысы, 10 оқу-әдістемелік құралы, екі монографиясы, 17 өнертабысы, салаға енгізген екі жаңа технологиясы – нейрохирургияға қосқан сүбелі үлесі, мәңгі қалдырған мұрасы. Жұмыстарының көпшілігі отандық және шетелдік басшыларда шықты. Ал, енгізген жаңа әдістемелері практикада қолданылып жүр.

Бытырғы жылы өзінің 70 жылдық мерейтойында Нұртас Исатайұлы Тұрсыновқа Ұлттық нейрохирургия орталығының ғылыми дамуына, оның отандық және халықаралық деңгейде беделін арттыруға, әріптестік қатынастарды нығайтуға қосқан үлкен үлесі үшін Ұлттық нейрохирургия орталығының Құрметті профессоры атағы берілді. Бұл – үлкен жеңіс, биік дәреже. Ресей, Израиль, Жапония, Германияның белгілі нейрохирургтарымен, ғалымдарымен қатар, Нұртас Исатайұлының есімі орталық тарихында мәңгі жазылды.

Практикалық, педагогикалық һәм ғылыми жолында Нұртас Исатайұлы кәсіби шеберлігімен ғана емес, адамгершілік бейнесі асқақ тұлға ретінде қалыптасты. Білетіндер Нұртас Исатайұлының акты – ақ, қараны – қара дейтін әділеттілігін айтады. Нұртас Исатайұлы халықтың аузында жүрген ерекше адам болды. Үлкен отбасының әкесі, атасы, асыл жар, туған-туыстың қадірлісі, қамқоршысы, адал дос, ақкөңіл, көпшіл адам еді. Гиппократ анттынан айнымаған, жаны жайсаң, нейрохирургия наркескенінің есімі шипаңыз тиген мындаған жанның аузында ардақталды, ал, жарқын бейіненің жақындарының жүрегінде мәңгі сақталады.

Қош, арда азамат! №303

● КӨРМЕ

Палитра үндестігі

«Ақыл-ой палитраларының үндестігі» – Қарағанды қаласындағы «Алтын ғасыр» галереясында 31 тамызда Дмитрий Кетцман мен Гүлшат Мұстафинаның жеке көрмесі ашылады. Екі суретші де галереяның Karaganda Art Start жобасына қатысушы.

– Біз Дмитрий мен Гүлшаттың қабілетін аша алғанымызды мақтан тұтамыз, енді олар дербес суретшілер. Art Start жобасы бізді жылына екі рет өтеді. Оның мақсаты – жаңа таланттарды таныту. Жасына да, орындау техникасына да шектеулер жоқ. Осы жоба аясында бес көрме өтті. Міне, бұл – қатысушылардың алғашқы жеке көрмесі. Экспозиция 28 картинадан тұрады – әрқайсысынан 14 туынды, – дейді «Алтын ғасыр» галереясы жетекшілерінің бірі Бибігүл Атқарова. Қарағандылық Гүлшат Мұстафина Топардағы көркемсурет мектебін бітір-

ген. Содан кейін экономист мамандығын таңдаған. АҚШ-та оқып, 15 жылдан астам уақыт сонда тұрды. Осы уақыт аралығында ол шығармашылықтан қол үзбеген екен. Шетелдік көрмелер мен байқауларға қатысып, бірнеше рет бірінші және жүлделі орындарды иеленіпті. Қазақстанға оралғаннан бері де шығармашылықтан алыстамады.

– Менің шығармашылығым – еркіндіктің көрінісі. Мен стандарттарды ұнатпаймын. Бүгін менің суреттерім дәстүр мен классикадан басқа нұсқаға – digital art-қа көшті. Көрмеде қазақтың дәстүр-

лі ою-өрнектерін кенепте бейнелеймін, қалғаны – абсолютті digital, – деді Гүлшат Мұстафина.

Дмитрий Кетцман – суретші және тәрбиеші. Қарағанды гуманитарлық колледжінде бейнелеу өнері және сызу факультетінде оқыған. Е.Бөкетов атындағы ҚарУ кәсіби-көркемсурет факультетінің түлегі. 2016 жылдан бастап, өнер студиясында сабақ беріп, содан кейін өзінің студиясын ашқан. Республикалық және шетелдік көрмелер мен фестивальдердің лауреаты. Жақында Алматыдағы Art Group маусым көрмесінде бірінші орын және Гран-при иеленді.

Экспозиция 5 қыркүйекке дейін жалғасады.

Өз тілшімізден

• 29 ТАМЫЗ – ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ КҮНІ

Семей полигонының кімдер зерттеді?

29 тамыз – Қазақстан үшін екі маңызды оқиғамен байланысты. Біріншісі – осыдан 75 жыл бұрын елімізге үлкен қасірет әкелген, Семей полигонында бірінші ядролық жарылыс болған, ал, екіншісі – 1991 жылы 29 тамызда Семейдегі ядролық сынақ полигоны ресми түрде жабылған күн. Сонымен бірге, бұл күн 2009 жылғы 2 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы өзінің қарары арқылы «Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні» ретінде жарияланды. Сол себепті 29 тамыз күні барша қазақстандықтар үшін маңызды. Биыл Семей полигонында алғаш ядролық сынақ жасалғанына – 75 жыл, жабылғанына 33 болады. Осы полигонда қандай құпия операциялар жасалды? Ядролық қарудың зардаптары қандай болды? Оны кімдер зерттеді? Бұл сұрақтар зерттеушілерді үнемі мазалайды.

Ядролық сынақтармен байланысты архив қорларындағы, кітапханалардағы жарияланған және жарияланбаған деректерді қарап, оларға талдау жүргізу барысында түсінгеніміз, кеңестік кезеңде Мәскеуден жүргізілген саясатқа жергілікті билік өкілдерінің қарсы тұруға күші жетпеген. Алғашқыда тікелей Сталиннің, кейіннен Хрущевтің бұйрығымен Қазақстан жерінде жүргізілген тоталитарлық өзбір саясатқа бүгінгі күні біз «ядролық отарлау саясаты» деген атау береміз. Ең «ядролық отарлау саясаты» деп атағанымызды Семей полигонындағы ядролық сынақтардың зардабын зерттеген қазақстандық ғалымдардың ғылыми экспедицияларының нәтижелері арқылы көрсеткіміз келеді.

Семей полигоны зардаптарын зерттеген отандық ғалымдар тоталитарлық саясатқа бетпе-бет келіп, өз өмірлерін қауіпке тігіп еңбек еткендер. Әсіресе 1957-1959 жылдар аралығында үш жыл бойы радиацияның адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға тигізген әсері туралы клиникалық, радиологиялық және ветеринарлық мәліметтерді жинап, солардың негізінде 12 томдық есеп жазған академик Бахия Атшабарұлы басқарған ең алғашқы ірі көлемді кешенді экспедицияны ерекше бөліп көрсеткен дұрыс. Экспедицияға қатысқан барлық адамдардың ерен еңбектерін айтауға болмайды. Клиникалық және радиологиялық топтардың құрамында болған ғалым-зерттеушілердің басым көпшілігі Б.Атшабарұлы басқарған Қазақ КСР Ғылым академиясының Өлкелік патология ғылыми-зерттеу институтына болды. Экспедицияға қатысқан ғалымдардың барлығы полигон аймағында тұратын тұрғындар мен қоршаған ортаға ядролық сынақтардан бөлінген радиацияның әсері болғандығын дәлелдеген. Мысалы, Б.Атшабарұлы өз зерттеулері арқылы Семей өңірінде ядролық қаруды сынаудың салдарынан осы аймақта табылған жана аурудың түрін – «сәулелік ауруды» анықтаған. Бұл ауру әлемдік медицина әдебиетіне «Қайнар синдромы» патологиясы деген атаумен енуі арқылы дүние жүзіне танымал болды.

Экспедиция мүшелерінің бірі, обыр ауруының маманы Сәкен Нұрманов өзі қараған әйел адамдардың гинекологиялық патологиясы туралы және олардың бойындағы өзгерістерге тікелей ядролық сынақтардан бөлінген радиация себеп болғандығын айтады. Сол жылдары С.Нұрманов ғалымдар мен онколог мамандар арасында өзінің тамаша дәрігер, өз саласының нағыз білгірі қабілетімен танылды. Жыл сайын обыр ауруының тез көбеюіне байла-

нысты Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмасымен С.Нұрманов Алматы қаласында бірінші Онкология және радиология кафедрасын құрып, оның директорлық қызметіне тағайындалды.

Атшабаров экспедициясының құрамында жас мамандар да болды. Солардың бірі ғалым Сәтбек Мұсабекұлымен мақала авторлары 2022 жылы ақпан айының 19-да кездесіп сұхбат алғанбыз. Сұхбат барысында С.Мұсабекұлы кеңестік саясатқа байланысты жүргізілген жұмыстардың барлығы «өте құпия» болғандығы және «өте құпиялығы» туралы ешкімге айтуға, өңгіме етуге болмайтындығы ескерілгендігін айтты. Осыған байланысты, күнделікті жұмысқа алынған және қайтарылатын материалдар арнайы журналға тіркеліп отырған. Экспедиция барысында С.Мұсабекұлы ядролық сынақтардың теріге (дерматологиялық) тигізетін әсерін анықтау, қан тамырларының, оның ішінде, капиллярлардың функционалдық жағдайын зерттеу тапсырылған екен. Өйткені олар сыртқы ортаның өзгерістеріне, әсіресе радиация әсеріне өте сезімталдығына байланысты, оның нәтижелері тез анықталады. Әскери жағдайда жұмыс жүргізген дәрігерлер алдарына келген тұрғындарды тексерген. Ол кезде С.Мұсабекұлы жас болғандықтан, өзі тәртізді басқа жас зерттеушілер қатарындағы үш ғылыми қызметкерлер – Т.Айтбаев (биохимиялық зерттеу), А.Балмұханов (көз дәрігері), С.Тойбағаров (ауыз, мұрын, құлақ дәрігері) зерттеушілерінің нәтижелерін экспедиция басшылары кезегімен нәтижелерін бақылап, талқылап отырған екен.

Жүктелген тапсырмаларды орындаумен қатар, дәрігер-ғалымдар өздерінің кәсіби қызметін қоса атқарған. Алдарына қаралуға келген адамдардың барлығына мүмкіндігіне қарай қолдау көрсетіп, көмектескен. Дәрі-дәрмектермен бірге облыстық және республикалық медициналық орталықтарға жолдамалар берген, қарапайым оталар жасаған, барынша тұрғындарға жәрдемдесуге тырысқан. Өйткені жергілікті тұрғындар экспедиция мүшелерін «Алматыдан келген дәрігерлер» деп таныған. Барынша дәрігерлердің қолдауына ұмтылған. Әскерилердің бақылауында болғандарына қарамастан, ғалымдар дәрігер ретінде өздерінің міндеттерін атқарған. Ал әскерилер үшін Орталықтың бұйрығымен жұмыс істейтіндіктен, олар жергілікті халықтың жағдайын, өмір сүру ортасы мен дәстүрлерін ескерген жоқ. Кейін зерттеу барысында ғалымдардың алған ғылыми нәтижелері 12 томдық есептердің ішіне енген.



Суретте мақала авторлары ғалым А.Бигалиевпен бірге, Алматы қ.

Дегенмен, бұл зерттеулердің нәтижелері тікелей Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің, әскери комитеттің бақылауында «өте құпия» болғандығына қарамастан, КСРО және Қазақстан үкіметінің басшыларына белгілі болды. Бәрібір Семей ядролық полигоны зардаптары мәселесін «жауып тастау» ұзаққа созылған жоқ. 1961 жылы ақпан айында Мәскеуде КСРО Медицина ғылымдары академиясының биофизика институтында Қазақстанның кейбір аудандарындағы тұрғындардың денсаулық жағдайы және радиологиялық ахуалды зерттеуге арналған конференция өтті. Оның жұмысына аталған институттың ғалымдарынан басқа, Б.Атшабарұлы бастаған бір топ қазақстандық ғалымдар қатысып, 1957-1960 жылдарғы экспедиция материалдары бойынша дайындаған баяндамалары арқылы ядролық сынақтардың зардаптарын айтты. Өкінішке қарай, бұл жерде ядролық сынақтарды жүргізуші әскери топтар «полигондағы жарылыстардың адам денсаулығына да, қоршаған ортаға да тигізетін әсері жоқ» деген тұжырыммен зерттеу жұмыстарын жүргізуді тоқтатып тастады. Экспедиция құрамында болған Қ.Мақашев, А.Алда-назаров, Е.Алексеев, С.Аккерман, В.Мошквич, А.Адырхаев, А.Соколова, Т.Беглова, Т.Айтбаев, Ж.Хайрушев, А.Питюшин және басқа ғалымдар полигон зардаптарын ашық айтпаса да, өз зерттеулерінде радиациялық әсерлер туралы жазған. Олардың барлығы туралы бір мақала көлемінде баяндау мүмкін емес. Біздің мақсатымыз – Семей ядролық сынақ полигоны зардаптарын «ядролық отарлау» саясатына қарамастан, қорықпай зерттеген ғалымдардың аттарын жарыққа шығару, мүмкіндігінше оларды көпшілікке таныстыру. Сондықтан, олар туралы да алдағы уақытта ақпараттар беретін боламыз.

Тағы бір айта кететін қызықты жағдай, ол Б.Атшабарұлы жүргізген экспедицияның 1958 жылғы нәтижелері жазылған есептің жапон тілінде жарық көруі. «Өте құпия» белгісімен сақталған бұл материалдарды жапондықтар Ресей ғалымдарынан сатып алған екен. Ал қазақстандық ғалымдарға кітап шығармақ түгілі экспедиция туралы айтуға тыйым салған. Кеңестік дәуірдің соңғы жылдарында Семей полигоны зардаптарын зерттеген отандық ғалымдардың бірі – Айтқожа Бигалиев.

Жалпы генетика мен экология салалары бойынша танымал ғалым А.Бигалиев 1985-1987 жылдар ара-

лығында ҚарМУ-да оқу ісі жөніндегі проректор, 1987-1991 жылдарда ҚарМУ ректоры болды. Қарағандыда қызмет еткен кезде 1986 жылдан бастап Семей полигоны зардаптарын зерттеді.

Ол Х.Исенов, Э.Бекишбеков, С.Флорова, Л.Қутовцева, Н.Ержанов, К.Атаханова, И.Пудов тәрізді жас зерттеушілерден құралған зерттеу лабораториясын құрды. Қарағанды мемлекеттік университетінің базасында жасалған бұл лаборатория «құпия» белгісімен жұмыс істеген. А.Бигалиевтің айтуы бойынша олар Семей полигонына жақын орналасқан Қарағанды облысының Егіндібұлақ, Қарқаралы аудандарының тұрғындарына, жергілікті жануарлар мен өсімдіктерге радиацияның тигізген әсерін зерттеген. Бірақ 1986-1989 жылдар аралығындағы зерттеу нәтижелері тек ресми пайдалану үшін тіпті орындарға ғана берілген. Өкінішке қарай бұл экспедицияның есептері де Мәскеуде сақтаулы.

А.Бигалиевтің жұмысының Алматыға ауысуына байланысты оның полигондарды зерттеуі сол жақта жалғасты. Қарағанды лабораториясындағы зерттеушілер де әртүрлі себептермен басқа қалаларға қоныс аударды. Сол себепті лаборатория өз жұмысын тоқтатты. Ал А.Бигалиев 1992 жылы «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының «Радиация, экология, денсаулық» деген проблемалық комитетінің төрағасы болды.

1993-1995 жылдардан бастап, ғалым Семей полигонына байланысты зерттеулерін Францияның Ренн I университетінің ғалымдарымен бірлесіп жүргізді. Ал соңғы 10-15 жылдан бері Батыс Қазақстан полигоны зардаптарын «Ядролық отарлау» саясатына қарамастан, қорықпай зерттеген ғалымдардың аттарын жарыққа шығару, мүмкіндігінше оларды көпшілікке таныстыру. Сондықтан, олар туралы да алдағы уақытта ақпараттар беретін боламыз.

Бүгінде Семей полигоны жабылғанымен ядролық сынақтардың зардаптарын зерттеу әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ. Біз де осы мәселені зерттеу арқылы әлі де болса «құпия» белгісімен сақталған деректерді тауып, солар жайлы көпшілікке таратуы азаматтық парыз деп есептейміз.

Бұл мақала «Семей ядролық полигонындағы сынақтардың зардаптары «ядролық отарлау» саясатының нәтижесі ретінде» тақырыбындағы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылым комитетінің 2023-2025 жыл арнадағы № AP19678527 гранттық жобасын іске асыру аясында дайындалды.

Г.СМАҒҰЛОВА, Б.ТӨЛЕУОВА, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің ғалымдары

Еске алу

Келте ғұмыр, камшының сабындай ғана жалған дүниеге кімдер келіп, кімдер кетпейді. Тіршіліктің тізгініне бағынып, білімбестен өтіп жатқан өмір ағынына ілессе жүріп зымыраған уақытқа тосқауыл бола алмайды да екенсің. Шет ауданы, Мойынты ауылының тумасы, Үш ағайынды. Дүзей руынан шыққан әулетіміздің күйеу баласы, ардақты әке, асыл жар **Дидар Қайратұлы КЕРЕЙБАЕВТЫҢ** «жағасы жоқ, жеңі жоқ көйлек киген, есігі жоқ, төрі жоқ мәңгілік үйіне» енгеніне де 40 күннің жүзі болған екен. Адам баласына о бастан өлмек айқын ғой, бұл пәниде темір өзекті пенде жоқ, өлмес адам елде жоқ, өлімнен өтер өткел де жоғы белгілі. Жазмыштың жазуына, тағдырға дауа жоқ. Алланың жазуына ешкім қарсы келе алмайды. Досқа адал, туысқа қамқор, бауырларына жанашыр аға, балаларына әке, жарына адал бола білген азамат еді... Дидар марқұмның тек көркем мінезі мен күлімдеген жанарының куәсі бола алдық, сол қалпы мәңгі есімзде қалары анық. Ата-анасына, бауырларына, туыстарына, жарына, балаларына Алла сабыр берсін деп тілейміз.



Жан едің ғой қара жерге қимайтын, Дос-жараның құрмет етіп сыйлайтын. Жатқан орнын төрі болып жұмақтың, Алла берсін бар байлығын иманның. Мекені жұмақ, мінгені пырақ, қараңғы үйі жарық болсын деп сағына еске алушы **Тусжановтар әулеті.**

№301

«Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» ММ «Қарағанды қаласының «Шырақ» тілдерді оқыту орталығы» КММ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2024 жылғы 16 қыркүйекте Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің «Шырақ» тілдерді оқыту орталығы көрнекті қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар тұлға – Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойына орай «**Қоғам және тұлға: Сәкен Сейфуллиннің қайраткерлік болмысы**» тақырыбында өтетін республикалық ғылыми-практикалық конференцияға шақырады.

Конференция бағыттары:
– Сәкен Сейфуллин және ұлт мүддесі.
– Сәкен Сейфуллин және қазақ әдебиеті.
– Сәкен Сейфуллин шығармаларының тілі.
– Сәкен Сейфуллин мұрасын оқытудағы инновациялық әдіс-тәсілдер.

Конференцияға ЖОО-лардың тарихшы, әдебиетші және тілші-ғалымдары, Сәкен шығармаларын оқытудың әдістемесімен айналысып жүрген мектеп, колледж мұғалімдері қатысады.

Материалдар тек қазақ тілінде қабылданады. Бір адам екі реттен артық автор немесе тең автор бола алмайды. Мақала авторлары мақалалардың мазмұнына, келтірілген фактілердің, дәйексөздердің, статистикалық және өзге де мәліметтердің дұрыстығына жауап береді. Талапқа сай рәсімделмеген мақалалар қабылданбайды.

Мақалалар **2024 жылдың 26 тамызына дейін қабылданады.** Электронды нұсқасы төменде көрсетілген электрондық мекенжайға жіберіледі. Сараптаудан өткен мақалалар алдын ала жеке жинақ болып шығарылып, таратылады.

Мақалаларға қойылатын талаптар:
– Мақала көлемі – 3-4 беттен аспауы керек;
– Times New Roman қарпімен WORD-та 1 интервалмен, 14-кегльмен басылады;

– беттің безендірілуі: барлық жағынан 2 см қалдырылады;
– тақырып жолдың ортасына бас әріппен қарайтылып жазылады. Одан төмен жолдың ортасына автордың аты-жөні және оның астына жақшаның ішіне қызмет орны, атағы, лауазымы кішкентай әріппен курсивпен көрсетіледі.

– мақала авторы туралы ақпараттан кейін 2-3 сөйлеммен аннотация және 5-6 сөзден тұратын кілт сөз беріледі;
– азат жолдың өлшемі – 1 см;
– әдебиетке жасалған сілтемелер тік жақшаның ішіне ретімен көрсетіледі [1, 25];

– пайдаланған әдебиеттер міндетті түрде талапқа сай көрсетіледі. Конференцияның өтетін орны мен уақыты қосымша хабарланады. Конференция өткізу жөніндегі сұрақтар бойынша мына телефон-дараға хабарласу қажеттілігін ескертеміз.
Анықтама телефон: 87759055317; 87011737686; 87759802214
e-mail: S.Seyfullin@internet.ru

№302

ТОО «МЫҚТЫ ҚОРҒАУ»

ВСЕ ВИДЫ ОХРАННЫХ УСЛУГ ГОСУДАРСТВЕННЫХ И КОММЕРЧЕСКИХ ПРЕДПРИЯТИЙ
Ерубаева, 34, оф. 307, тел.: 8 (7212) 50-77-17, сот.: 8-701-173-90-87, 8-700-394-98-00
Лицензия на все виды охранных услуг за №16018832 от 09.12.2016 года. Лицензиар ГУ «ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛИЦИИ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ МВД РК»

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Жаңа автобустар жолға шықты

Металлургтер қаласы Теміртауда қоғамдық көлік паркін жаңарту жұмысы жалғасын жатыр. Атап айтсақ, қала тұрғындарын тасымалдауға **10 жаңа автобус рейске шықты.**

Жергілікті автопарк «Евро-5» стандартты «ПА3» маркалы 2024 жылғы автобустарды сатып алған. Олардың барлығы №3 қалалық бағытқа қызмет көрсетеді. Бұл бағытқа қатысты бұған дейін қаланың оң жағалауының тұрғындарынан көптеген шағым түскен.

– Жаңа автобустар бейнебақылау, тұрақтылықты бақылау және шұғыл тежеу жүйелерімен жабдықталған. Бұл жолаушылар мен жүргізушілердің қосымша қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Кең орындар мен қоларбаларды көтеру механизмдері жолаушылардың барлық санаттары үшін сапарды ыңғайлы және қолжетімді етеді.

Автобустар атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын азайта отырып, экологиялық қауіпсіздіктің соңғы стандарттарына сәйкес келеді, – деді Теміртау әкімінің қоғаммен байланыс жөніндегі көмекшісі Гүлнұр Әбдіғалиева.

Қала тұрғындары да жағымды жаңалыққа қуанып, жергілікті әкімдікке алғысын айтауда.

Өз тілімізден

«Онлайн қауіпсіздік пен жат ағымдар бойынша жастарды қалай қорғауға болады?»

Киберкөрсеткіштегі күрес тоқтамайды. Киберкөрсеткіш – жіті қадағалауды талап ететін сала. Әсіресе дін тақырыбындағы интернет материалдары, сайттар мен өзге де ресурстар қатаң бақылауда болуға тиіс. Бұл елдегі діни ахуалдың тұрақтылығына әсер ететін жұмыс.

Жуырда «Нұр-Мұбарак» университетінде өткен «Киберкөрсеткіштегі діни дискурс: сын-тегеуріндер мен шешімдер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда осы мәселе кеңінен талқыланып, тиімді ұсыныстар талқыға салынды.

Мәдениет және ақпарат вице-министрі Қанат Ысқақовтың айтуынша, киберкөрсеткіштегі жалған ақпараттар мен идеологияларға оңтайлы жауап қатудың жолы – сауатты да сапалы контент жасау. «Киберкөрсеткіштен біздің алдымызда бірқатар сын-тегеуріндер бар. Олар: гиперреалистік фейк технологиялар, манипуляция және жалған ақпараттар (фейк). Киберкөрсеткіш арқылы елдер арасында дінге қарсы көзқарастар мен пікірталастар да жиі кездеседі. Олардың барлығына төтеп берудің бірден-бір әдісі – сауатты, маңызды контент жасап, оны тарату. Бізге цифрлық гигиена өте маңызды. Азаматтарымызға гипфейк жасанды интеллектпен жасалған жағымсыз контентті жою, екінші жағынан ағарту жұмыстарын жүргізу өзекті», – деді ол.

Вице-министрдің айтуынша, соңғы үш айда 3 мыңнан астам зиянды контент бұғатталған және жойылған. «Біз 3 айда 3 мыңнан астам контентті жойдық. Барлық онлайн платформада, TikTok, Instagram, Telegram, Facebook болсын, әр жойылған контентте өкінішке орай, қосымша 2-3 материал туындайды. Сондықтан жұмысты тоқтатпаймыз. Біз үшін бастысы – жою емес, тиімді және нақты ақпарат тарату», деді ол.

Өрине, діни сапалы контент жасау үшін білікті дін мамандары көп болғаны дұрыс. Ол үшін елімізде діни білім беруге баса назар аударуға тиіс. Мәдениет және ақпарат вице-министрі Қанат Ысқақов бұл бағытта жасалып жатқан ілімді жұмыстарға да тоқталып өтті. Оның айтуынша, дін мамандарына, оның ішінде, «Нұр-Мұбарак» университетіне бөлінетін мемлекеттік білім гранттарының саны артап. «Нұр-Мұбарак» университетінің түлектері елімізде оқу орындарында, медресе-колледждерде, мешіттерде ұстаз болып, өңірлерде дін істері басқармаларында басшылықтан бастап,

инспектор, маман болып қызмет атқарып келеді. Оқу орны қажетті жағдай жасай отырып, студенттердің сапалы, терең білім алуына көбірек көңіл бөледі. Осы орайда, мемлекет тарапынан университетке бөлінетін білім гранттары ұлғаяды. Бұл өте маңызды мәселе екенін біз түсінеміз», – деді Қанат Жұмабайұлы.

2023 жылы дін мамандарын даярлауға мемлекеттен 315 грант бөлінген. Биыл бұл көрсеткіш артады деген сенім бар. Себебі вице-министр Қанат Ысқақовтың айтуынша, мемлекеттік дін саясатын дамытуда білікті мамандарға мұқтаждық бар. Ал қазіргі киберкөрсеткіштегі тұрлі алауыздықтар мен заманауи сын-кәтерлерге қарсы тиімді тәсілдің бірі – мамандар даярлау екенін мәлімдеді. Сондай-ақ, Қанат Жұмабайұлы лаңкестік топтар мен ұйымдардың бірден-бір құралы – ғаламтор екеніне тоқталды. Ал олардан туындайтын алауыздықтың алдын алудың сапалы да тиімді тәсілдерін дамытудың маңыздылығы – сауатты қоғам қалыптастыру екенін ерекше атап өтті.

Жасұлан БАҚЫТБЕК Kazislam.kz №202



● ПАРА-АРМРЕСТЛИНГ

Балтық жағалауынан – бес медаль

Молдова елінің астанасы Кишинев қаласында пара-армрестлингтен әлем чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеде сәтті өнер көрсеткен Қарағанды облысының спортшылары түрлі санат бойынша бес медаль жеңіп алып, Арқа жұртының мерейін тасытты.



Ауқымды жарысқа 51 елдің үздік деген 1500 спортшысы қатысса, оның 500-ге жуығы – мүмкіндігі шектеулі жандар. Кеншілер өлкесінің атынан төрт параатлет шығып, ұлттық құрама сапында ел намысын лайықты қорғады.

Никита Ермаковтың сол қолына қарсылас шақ келмей, бірінші орын алды және төрт дүркін әлем чемпионы атанды. Ал, бағы мен бабы қатар шапқан спортшы оң қолымен күміс медаль олжалады.

Сонымен қатар, қарағандылық Қайрат Әтебаев сол және оң қолымен қола жүлдені қанағат тұтты.

Ал, ептілік танытқан Антон Чуб оң қолымен үшінші орын биігінен көрінді.

Қанат Әбдуоқапов болса, төртінші саптаға тұрақтады.

– Әр санатта шамамен 8-12 адам аралығында болды. Жарыс өте тартысты өтті және жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Ұйымдастырушыларға мың алғыс, – деді қарағандылық спортшылардың жаттықтырушысы Руслан Түспеков.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

● АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

Жерлесіміз – Азия чемпионы!

Аралас жекпе-жекте Қазақстан командасы MMA бойынша Азия чемпионатында бірінші орынды иеленді.

IMMAF ұйымының қолдауымен MMA аралас жекпе-жекте Азия чемпионаты Пәкістанда өтті. Онда 12 елдің спортшылары бақ сынасты.

Ұлттық құрама сапында 38 аралас жекпе-жек шебері өнер көрсетті. Отандастарымыз «Жастар» (18-20 жас) және «Ересектер» (21+) жас санаттарында үздік екендігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қазақстандық спортшылар мұндай жетістікке қатарынан 10-шы рет қол жеткізіп отыр. Ұлттық құрама қоржынында 7 алтын, 9 күміс және 10 қола жүлде бар.

Құрама қоржынына бірінші алтын медальды салған жерлесіміз – Серікбай Мадияр. Ол «Жастар» дивизионында 61,2 кг салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, үздік екенін көрсетті.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан



● ЧЕМПИОНАТ

Әнұран отыз екі мәрте шырқалды

ITF таэквондодан оныншы Азия чемпионаты Үндістан мемлекетінің Бангалор қаласында өтті. Байрақты бәсекеде 15 елден келген 800-ден астам спортшы бақ сынасты. Қарағанды ИТФ (I.T.F.) таэквондо федерациясының спортшылары аталған чемпионаттың құрмет тұғырына 32 рет көтерілді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Чемпионатта әртүрлі жас топтары жарияланып, жасөспірімдер, ересектер және ардагерлер үшке бөлініп өнер көрсетті.

Еліміздің намысын қорғаған таэквондошылар 32 алтын, 39 күміс және 42 қола медаль жеңіп алды. Жалпы командалық есепте ұлттық құрама Солтүстік Кореяға есе жіберіп, екінші орынды сақтап қалды. Медальдардың басым бөлігі Қарағанды облысы спортшыларының еншісінде екенін айрықша атап өткен жөн.

– Кеншілер өлкесінен чемпионатқа 17 адам барды. Олар ұзақ уақыт дайындалды. Жаз бойы жаттықты. Спортшыларымыз 11 алтын, 15 күміс және 13 қола жүлде иеленді. Бұл – керемет нәтиже. Біз әрқашан Азияда Солтүстік Корея спортшыларымен бәсекелесеміз, бірақ, олар осы спорт түрінің негізін қалаушылар.

Алайда, біз оларды жеңуге тырысамыз. Қазір Қазақстан таэквондодағы Топ-5-ке кіреді. Бұл көп жылғы қажырлы еңбектің, мықты жаттықтырушылар құрамының және жақсы ынталы спортшылардың арқасында қол жеткен жетістік, – дейді жерлестеріміздің жаттықтырушысы Николай Алексюк.

Альбина мен Медина Дәуленовалар үшін бұл алғашқы жарыс болса да, алғашқы жеңіс емес.

– Мен әр барған сайын чемпионатқа бірінші рет келіп тұрғандай боламын. Бұл спорт түрін жақсы көремін. Балаларымды уайымдаймын және олардың қалай өнер көрсететініне алаңдаймын. Олардың медаль иегері болғаным білгенде, әрине, қуандым. Көз жасыма ерік бердім. Оларды спортқа үлкен қызым Нина әкелген. Қыздар таэквондоны өте жақсы көреді,

● БӘРЕКЕЛДІ!

Балуандарға Президент бастап, Арқа төсі қостап құрмет көрсетті

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Париж Олимпиадасының жүлдегерлерімен кездесіп, төртжылдықтың төбе жарысында төрге озған оғандарымыздың әрқайсысын арнайы құттықтап, Мемлекеттік наградалармен марапаттады. Мемлекет басшысы, сонымен қатар, Қазақстан спортындағы өзекті мәселелерге тоқталып, болашақта отандық спортты дамыту бойынша ұсыныстарын ортаға салды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, Ұлттық құрама көшбасшысы, дзюдодан алтын жүлде иеленген Елдос Сметов I дәрежелі «Барыс» орденімен, оның бапкері Ғалымжан Жылгелдиев, дзюдодан Қазақстан командасының бас бапкері Нұрбол Сүлейменов және осы Олимпиадада қола медаль иеленген дзюдошы Ғұсман Қырғызбаев «Парасат» орденімен марапатталды.

Осы кездесуден кейін Париж Олимпиадасының чемпионы Елдос Сметов, қола жүлдегері Ғұсман Қырғызбаев сынды дзюдо шеберлері ат басын арнайылап кеншілер өлкесіне бұрды. Халықаралық дзюдо федерациясы президентінің кеңесшісі, «Jenius» кәсіпқой дзюдо клубының Президенті, осы салтанатты жиында «Құрмет» орденімен наградалған Алмаз Әлсенов бастаған спорт саласының аймақтағы бір топ майталмандары Олимпиада жүлдегерлерін сән-салтанатымен күтіп алды. Мәшһүр балуандармен кездесу Қарағанды қаласындағы «Ариста» салтанат сарайында өтті.

Оған «Jenius» кәсіпқой дзюдо клубының Президенті Алмаз Әлсенов, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев, облыстық дзюдо федерациясының басшысы Тимур Тұрсынбаев, әйгілі балуан, «Jenius» кәсіпқой дзюдо клубының директоры Талғат Байшолақов, Әлия Молдағұлова атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің директоры Ерден Халилин, «Сауатқа Ақраға» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда және «Jenius» кәсіпқой дзюдо клубының жаттықтырушылары, аймақтың атын әлемге танытып жүрген даңқты дзюдошылар мен басқа да балуандар қатысты. Салтанатты жиын барысында халықаралық ақымдағы спорт додаларында ел намысын қорғап, Көк



Туымызды биіктен желбіретіп жүрген дзюдо шеберлеріне Алмаз Әлсенов мырзаның атынан қаржылай сыйлықтардың сертификаты және пәтер кілттері табысталды. Атап айтсақ, Елдос Сметовке 50 млн теңгенің, бапкері Ғалымжан Жылгелдиевке 10 млн теңгенің сертификаты табысталды.

– Менің жеңісім – барша қазақ халқының жеңісі. Еліміздің қай бұрышына барсам да, туған жерімде жүргендей өзімді жайлы сезінемін. Өйткені, менің жеңіске жетуіме әр қазақ баласы қолдау көрсетті, тақым қысты, тілектес болды. Сол қолдаудың арқасында Жақсылық Үшкемпіров ағамыздан соң еліміз ұзақ күткен алтын медаль бұйырды. «Jenius» кәсіпқой дзюдо клубының басшыларына, жанашыр ағаларыма шексіз алғыс айтамын. Спортқа қамқорлық танытып, спортшыларға алаңсыз дайындық жүргізуге мол мүмкіндік туғызып отыр. Одан бөлек, бапкерімізге де ризашылық білдіремін. Жеңіске жетуіме бапкерімнің қырағылығы мен ұқыптылығының үлесі мол, – деп атап өтті Елдос Сметов.

Ал Олимпиаданың қола жүлдегері Ғұсман Қырғызбаев 15 млн теңгенің сертификатымен марапатталды.

– Бізді зор құрметпен қарсы алған Қарағанды жұртшылығына өте ризамыз. Бүгін өте қуанышты күн болды. Мемлекет басшысының қолынан марапат алдық. Туризм және спорт министрі құттықтады. Одан бөлек, Арқаға келіп, «Jenius» кәсіпқой дзюдо клубының басшылығы тарапынан тағы сый-құрмет көріп жатырмыз. Алғысымыз шексіз. Елдос, Ғұсман, Ислам, Жансай сынды даңқты дзюдошылар қандай сыйлыққа да лайықты. Олар қазақ дзюдосының

тарихына есімін алтын әріппен жаза отырып, өздерінен кейінгі тұтас буынға үлгі бола білді. «Jenius» кәсіпқой дзюдо клубының жас балуандарына осы ағаларының жолын, жас бапкерлерге біздің жолымызды берсін, – деді Ғалымжан Жылгелдиев.

Облысымыздың мақтанышы, даңқты дзюдо шеберлері Ислам Бозбаевқа 3 бөлмелі пәтердің, Жансай Смағұловқа 4 бөлмелі пәтердің кілті берілді.

– Бүгін – ерекше күн. Мемлекет басшысы Олимпиада жүлдегерлерін қабылдап, құттықтап, сенім білдірді. Олимпшының бағындырған Елдос Сметов, қола жүлдегер Ғұсман Қырғызбаев Қарағандыға келіп, қуанып жатырмыз. Бәрімізді біріктіріп, басымызды қосып отырған – спорттың, дзюдонның күдіреті. Елдос алтын алып, Әнұранымыз Париж төрінде шырқалғанда, Ғұсман қола алғанда көңіліміз толқып, төбеміз көкке жетті.

Елдостың бапкері Ғалымжан бауырымыздың да еңбегін атап өту керек. Жеңіс оңайлықпен келмейтіні белгілі. Алдағы уақытта жеңісті жолдан жаңылмаңыздар дегім келеді. «Jenius» кәсіпқой дзюдо клубының басшылығы, Алмаз Әлсенов бауырымыз азаматтық танытып, мырзалық көрсетіп жатыр. Бұл – ауыз толтырып айтуға тұрарлық іс, зор алғыс айтамыз, – деп атап өтті Темірхан Абылаев.

Бұдан бөлек Темірхан Абылаев мырза, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының атынан нақатардың иығына қазақы жолмен оқалы шапан жауып, құрмет көрсетті.

Иә, ел мерейін өсірген ерлеріміз шынында да ең жоғары құрметке лайық!



оған көп уақыт бөледі. Десе де, бұл оқуға кедергі емес. Әкесі екеуіміз оларға қолдау көрсетеміз, – дейді спортшылардың анасы Раушан Жүнісова.

Алда қарағандылық таэквондошылар қараша айында Ташкент шаһарында өтетін Әлем кубогында өнер көрсетпек.

Сурет облыстық әкімдік сайтынан

Газеттің келесі саны сейсенбі, 3 қыркүйекте шығады

